

## Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қалалық балалар мен жасөспірімдер орталығында 2014 жылғы тамыз айында атқарылған шаралар

1. «Мектепке жол» жалпы республикалық акциясы шеңберіндегі «Балаға мейірім сыйла» акциясы Шымкент қаласында 1.08-30.09.2014ж. аралығында өтеді.

Акция барысында жалпыға білім беру қоры есебінен **6250** балаға (оның ішінде **693** жетім, **5557** көпбалалы және аз қамтамасыз етілген отбасы балалары) материалдық және қаржылай көмек көрсетуге қаражат бөлініп отыр. Мұнда жалпыға міндетті білім беру қорынан бөлінген қаржының **5 млн. 500 мың теңгесіне 550 оқушыға** (әр оқушыға 10 мың теңгеден) көмек, демеушілер тарапынан қарастырылған **57 млн. теңге қаржыға 5700** аз қамтамасыз етілген отбасының балаларына көмек көрсетіледі.

2014 жылдың 20 тамызында сағ.12.00-де «Балаға мейірім сыйла» қалалық қайырымдылық акциясы Ю.Сареми атындағы №107 мектеп-гимназиясы базасында өтті. Мұнда Сайрам ауданынан қалаға қосылған 20 мектептің жетім, жартылай жетім және әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан 100 баланың мектепке баруына демеушілер тарапынан материалдық көмек көрсетілді. Қалалық балалар мен жасөспірімдер орталығы және мектеп өнерпаздарының концерттік бағдарламасы көрсетілді.

